



**2008 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ  
‘ТҰРАҚТЫ ДАМУ’ ЕСЕБІ**

**ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ ҰЗАҚ-МЕРЗІМДІ ПАЙДАСЫ**





# Мазмұны

Бас директордың жолдауы	1
Қарашығанақ: қысқаша шолу	2
ҚПО-дағы корпоративті басқару	4
Қоршаған ортаны қорғау	6
Жергілікті мамандарға қаржы салымы	12
Біздің өндірісіміз және негізгі сәттер	14
Тұрғындармен жұмыс	16
Экономикалық даму	20
Техника қауіпсіздігі және қауіпсіздік қызметі	22
Мәліметтер кестесі және ЕЖФБ көрсеткіштері	26
Міндеттер	28
Тексеру қорытындысы	29



## Біздің тұрақты дамуға қосар үлесіміздің айғағы

Бұл «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО) компаниясы дайындаған 'Тұрақты даму' туралы алғашқы есеп және біздің біртога дамудағы саясатқа сенетіндігіміздің айғағы. Сонымен қатар, Қазақстанда алғаш негізі қаланған компания халықаралық стандарттарға сәйкес тәуелсіз үлгіде дайындалған 'Тұрақты даму' туралы есепті ұсынып отырғанын айтқанымыз азбал.

### ЕСЕПТІҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ

Бұл есеп 2008 жылға арналған. ҚПО-ның алғашқы 'Тұрақты даму' туралы есебі болғандықтан, 2006-шы және 2007-ші жылдардағы мәліметтер қамтылды. Бұдан берлай 'Тұрақты даму' жөніндегі есепті жыл сайын дайындағыны боламыз.

### ЕСЕПТІҢ КӨЛЕМІ ЖӘНЕ НОБАЙЫ

Қарашығанаққа қысқаша шолу бөлімінде сипатталған ҚПО-ның барлық іс-әрекеті осы есептемеде берілген. Өсірсек, ең негізгі аспектілер қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және экономикалық салалар кең қамтылған.

### МӘЛІМЕТТЕРДІҢ АЙҚЫНДЫЛЫҒЫНА КЕПІЛДЕМЕ

Осы есептегі мәліметтің айқындылығы «ПрайсуотерхаусКуперс» компаниясымен тәуелсіз түрде расталады. Бұл туралы мәлімет олардың тәуелсіз мәліметтер айқындылығы есебінің 29-шы бетінде берілген. Мұның өзі ҚПО-ға да, оқырманға да берілген есептегі мәліметтердің айқындылығы туралы қосымша кепілдеме болып табылады.

### ЕСЕПТІЛІГІ ЖӨНІНДЕП ҒАЛАМДЫҚ БАСТАМА

Берілген есеп G3 «Есептілігі жөніндегі ғаламдық бастама» нұсқауларына сай, яғни, іс-жүзінде әлемдік стандарт болып табылатын құжат 'Тұрақты даму' туралы есеп беру үшін дайындалған. Ағымдағы жылдың ҚПО-ның кіріспе есеп беру жылы екенін ескере отырып, біздің қызметіміз, басқару әдісіміз және өндірістік көрсеткіштеріміз бойынша жариялау деңгейін сипаттайтын С+ қолдану деңгейіне жетуді алдымызға мақсат етіп қойылған және оған қол жеткіздік. Сонымен қатар осы есептегі ақпараттардың дұрыстығына сырттай тексеру жүргізілді.

### МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Бірнеше мүдделі тараптармен, оның ішінде үкімет органдары, жергілікті тұрғындар, қызметкерлер және әлеуметпен үдайы өзара қарым-қатынаста болу және месепелерді жан-жақты талқылап отыру - біздің қалыпты іскеरлік әрекетімізге тен. Осындай мүдделі тараптармен күшті қарым-қатынаста болу біздің жетістіктеріміздің тұрақты болуы үшін аса маңызды және бұл қарым-қатынастардың негізінде осы есептемені дайындау мүмкін болды.



## Компания директорының жолдауы



### Сіздің назарыңызға «ҚПО-ның тұрақты дамуы туралы 2008 жылға арналған есебін» үсынуга ризашылық білдіремін.

ҚПО-ның мақсаты компания-серіктестері мен Қазақстан Республикасының ігілігі үшін сапа көрсеткіштерінің тұрақтылығына қол жеткізу. 'Тұрақты даму', үзақ мерзімді экологиялық, әлеуметтік және экономикалық салалардағы сапа көрсеткіштерінің тұрақтылығына қол жеткізудің маңызды бөлігі.

Біздің міндетіміз Қазақстан мен компания-серіктестерінің ігілігі үшін сапа көрсеткіштерін жақсартып және жергілікті тұрындар үшін әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерімізді арттырып, экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз әдістерді қолдана отырып, Қараышанақ кеңішінен кемірсуларды өндіру және сату бойынша жұмыстар үйымдастыру.

'Тұрақты даму' ұстанымдары мен әдістерін негізгі қызметтімізге енгізу біздің алға қойған міндетіміздің сәтті шешімінің кепілі. Осы есепте біздің қол жеткізген көрсеткіштеріміз баяндалады және алдағы күні тұрақты жақсартулар енгізу туралы жоспарларымыз үсынылады.

Осы «Тұрақты даму туралы 2008 жылға арналған есептің» мақсаты біздің ең маңызды өндірістік 'Тұрақты даму' саласы болып табылатын корпоративтік басқару, қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштері, адамдар әлеуетіне қаржы салымы, жергілікті әлеумет, экономикалық өркендеу, сонымен қатар еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша біздің іс-әрекетіміздің толық сипаттамасы.

Техника қауіпсіздігі - маңызы зор сала. Техника қауіпсіздігі саласы бойынша бір жыл ішінде қол жеткізген негізгі көрсеткіштер: әлемдегі бір мезгілде жалпы ең ірі апартыз тоқтату, 20 миллион адам-сағатын жоғалттай, әрі еш тосын оқигасыз атқарылған жұмыс және техника қауіпсіздігі бойынша белгілі «DuPont Safety Award» сыйлығын алу. Алайда, жалпы тіркелген апартты оқиғалардың жиілігі және адам-сағаты шығынымен анықталған оқиғалар жиілігінің нәтижесінде техника қауіпсіздігі бойынша көрсеткіштеріміз 2008 жылы теменделет кеткені бәрімізге мәлім. Біз осындай сәтсіздіктерді болдырмау үшін уақытында іс-шаралар қолдандақ.

Барлық салада қарқынды өркендеу жалғасын табуда. Атап айттар болсақ, алауларда (факел) газды жандыру көлемін едәуір азайттық және Қазақстан Республикасында алауларда жандырылатын газдың тек қана 0.48% тең көрсеткішіне қол жеткізу мүмкіндігіне ие болдық, сонымен бірге Республикада өндірілетін жалпы табиғи газ көлемінің 45% өндірдік.

Біз Қазақстанға жеткілген тауарлар мен қызмет көрсетулерге тапсырыстар беру көлемін арттыруды жалғастырудамыз. Республика экономикасын нығайту жолында кадрларды үлттандыру үрдісі - табы бір маңызды үлес. Біз жергілікті жұртшылыққа әлеуетті ықпал ету факторлармызды мойынданай отырып, біздің үздіксіз көліссөз және еңбекке араласу үдірістерімізге нысана болып табылатын әлемдік әлеуметтік қызмет стандарттарын дайындақы.

Қазақстан Республикасы билік өкілдері мен ҚПО-дағы 4000 астам әріптестерімізге үлкен алғысымды білдірім келеді. Атап айтқанда, олардың адап және шын жүректен үздіксіз еңбек етуі арқасында біз осы есепте берілген көрсеткіштер дәлелі болып табылатын жетістікке қол жеткіздік.

Осы есепте берілген ақапарат біздің тұрақты дамуға қосатын үлесімізді бағалауға көмектеседі деп сенемін. Сіздің пікірініңгә ризашылық білдіреміз.

Компания директоры:  
Роджер Фокс



## Қараышығанақ: қысқаша шолу

Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан Қараышығанақ көніші дүние жүзіндегі ең ірі мұнайгазконденсаты кен орындарының бірі болып табылады. Көніш көлемі 280 шаршы шақырым жерді алып жатыр, оның қоры 9 миллиард баррель конденсаттан және 48 триллион куб метр газдан тұрады. Бұғынға күнге шейін көмірсулардың тек 6% –ы ғана өндірілді.

1997 жылдан бері көнішті игеру жұмыстары «Қараышығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО) компаниясына біріккен серіктестердің басқарылуымен жүргізілуде.

### «Қараышығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО)

ҚПО компаниясына біріккен серіктестер:

- ◆ «Биджи Груп» (BG Group), Ұлыбритания (өншісі 32,5%; көніштің біріккен операторы);
- ◆ «Эни» (Eni), Италия (өншісі 32,5%; көніштің біріккен операторы);
- ◆ «Шеврон» (Chevron), АҚШ (өншісі 20%); және
- ◆ «Лукойл» (LUKOIL), Ресей (өншісі 15%).

1997 жылғы серіктес компаниялар мен Қазақстан Республикасы «Өнімді белу жөніндегі соңғы келісімге» (ӨБЖСК) қол қойды. Осы келісім шарттың негізінде ҚПО-ға біріккен серіктестер 2038 жылға дейін Қараышығанақ көнішін игеру жұмыстарын бірге атқаратын болады.

Бірлескен көсіпорын экспортқа шығару және жергілікті қажеттіліктерге жүмсау арқылы ҚМГКК ресурстарынан көп мөлшерде пайда табу мақсатында Қазақстан Республикасымен халықаралық тәжірибелесімен және арнайы білімімен белсенді. Келісімге қол қойылғаннан бері ҚПО тұрақты экономика көрсеткіштерін ең жоғары деңгейге жеткізу мақсатымен өндірістік озық технологияларды енгізе отырып, ҚМГКК-ді игеру жұмыстарына 10 миллиард АҚШ долларын жұмсады (тізімді қараңыз). Қазіргі таңда Қазақстандағы ең ірі кен орындарының бірі ретінде сипатталатын ҚМГКК-нен рекордтың көрсеткіштегі пайда алынып жатыр. Қараышығанақ кен орынан шамамен еліміздө өндірілетін жалпы газдың 45% және сұйық көмірсулардың 16% өндіріледі.

### Хронология

- 1984 ж. Өндірү жұмыстарының басталуы
- 1992 ж. ҚР Үкіметі мен «Биджи Груп» және «Эни» компанияларының арасында «Соңғы өнімді белу жөніндегі келісімге» отыру туралы келіссөз жүргізу үрдісінің басталуы
- 1995 ж. «Өнімді белу ұстанымдары келісіміне» қол қойылды
- 1997 ж. «Шеврон» мен «Лукойл» компанияларының халықаралық консорциумға кіруі, ал қараша айында 40 жыл мерзімге «Соңғы өнімді белу жөніндегі келісімге» қол қойылды
- 1998 ж. ӨБЖСК өз күшіне енді
- 1999 ж. Құрылым жұмыстарының басталуы
- 2000 ж. Негізгі жұмыстарға арналған келісім шартқа қол қою және ҚПО жоғарғы басшылығының Ақсай қаласына көшуі
- 2003 ж. Қазақстан Президенті 2-ші фазаның алғашқы мұнай өндірү жұмысының басталуын салтанатты түрде ашты
- 2004 ж. Шикі мұнайдың Новороссийск төңіз терминалынан Каспий Құбыр Консорциумы (KKK) арқылы алғашқы рет жеткерілүі
- 2007 ж. ҚПО мен ҚРГ (Оренбург газды қайта өңдеу зауыты) компаниялары «Газды сату-сатып алу келісіміне» (ГСК) қол қойды.



Қарашығанақ нысандары үлкен қашықтықта, басты қалалардан алыс орналасқандықтан, өндірілетін көмірсуладың көп бөлігі республикаға пайда екелу мақсатында сыртқы нарыққа тасымалданады. Қарашығанақта өндірілетін газдың көп бөлігі Орынбор арқылы Ресейге шығарылады. Газды көдеге жарату кестесін осы есептің 6-ші бетінен таба аласыз. Мұнайдың негізгі көлемі Қара теңіз арқылы батыс ендерінің нарықтарына шығарылу үстінде, ал қалған көлемінің көп бөлігі Ресейге шығарылады.

#### Техникалық мәселелер

Қарашығанақ өндірістік жағдайлар үшін қолайсыз жерде орналасқан дүниежүзіндегі ең күрделі көн орындардың бірі болып табылады. Температурасы қыста -40°C, жазда +40°C; өндірілетін көмірсулер құрамында үйттылығы жоғары құқырттік көп мөлшері бар; қоймаға кері айдау қысымы 550 бар дейін жетеді.

Осындай жағдайларда қоршаган ортаны қорғау мен техника қауіпсіздігінің дүниежүзілік көрсеткіштеріне қол жеткізу арқылы экономикалық пайданы арттыру қонымды технологиялық шешімдер қабылдауды қажет етеді. Негізгі қол жеткізген мынадай жетістіктерді атап етуге болады:

- ◆ Жоғары қысымда қышқыл газды айдаудың жаңартылған жүйесін қолдану;
- ◆ Бүгінгі күні Қазақстанда бұрыланған ең терең көп дінді үнғыма;

- ◆ Ұңғымаларды сынамалау барысындағы парник газдары шығарындыларын ұңғымаларды сынай сепараторын қолдану арқылы азайту; және
- ◆ Дүние жүзіндегі ең ірі бір мезгілде жалпы тоқтату жұмыстарын қоршаган ортаға еш зиян келтірмей мезгілінен бұрын аяқтау.

Өндіріс қуаттылығын арттырумен қатар, ҚПО компаниясы ҚОҚ және ТҚ аясында салалық көрсеткіштерге қол жеткізуі жалғастыруда. 2008 жылы ҚПО 20 миллион адам-сағаты жұмыс уақытын жоғалттай, әрі еш оқығасыз атқару көрсеткіштерін арттыруды және газды көдеге жарату көрсеткішін 99.78%-ға дейін жеткізді. Мұның езі көн орнын игерудің барлық кезеңін есептегендеге ең аз қалдық мөлшері деуге болады.





# ҚПО-дағы корпоративтік басқару

Тиімді басқару ірі масштабты қаржы салымының тұрақтылығын қамтамасыз ету үрдісінің маңызды элементі болып табылады. Бірлескен кәсіпорынның, соның ішінде ҚПО-ның басқару жағдайларының күрделілігін ескере отырып, компанияның өз қызметін ойдағыдай сәтті жүргізуі үшін біздің басқару, бақылау және сапалылықта кепіл беру бойынша тиімді шараларымыз маңызды рөл атқарады.

## ҰЙЫМДАСҚАН ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Біздің ұйымдасқан құрылымымыз кәсіпорынның басшылыққа алатын негізгі құжаты - «Өнімді бөлу жөніндегі соңғы келісім» (ӘБЖСК) ережелеріне сай Қазақстан Республикасының үекілеттік органдарының алдында іскери мақсаттар мен міндеттердің тиімді орындалуы үшін құрастырылған.

ҚПО-ның жоғарғы басқарушы органды Біріккен Оператор комитеті болып табылады, ол төрт серіктес компаниялар өкілдерінен және Қазақстан Республикасының үекілеттік органдарынан тұрады. Біріккен Оператор комитеттіңінде құрамына ҚПО-ның ешбір лауазымдық тұлғасы кірмейді.


ҚПО-ның ең жоғарғы серіктес органы Мердігерлер комитеті болып табылады, ол төрт серіктес компаниялар өкілдерінен тұрады. ҚПО-ның жоғарғы лауазымдық тұлғасы - кәсіпорын директоры -Мердігерлер комитеттіңде оператордың рөлін атқарады. Мердігерлер комитеттіңінде құрамына ешбір лауазымдық тұлға кірмейді.

Бас директор оператор компанияларға «Биджи Груп» және «Эни» тікелей бағынушы Оператор комитеттіңінде құрамына кіреді және онымен бірлесіп жұмыс істейді. Бас директор, бас директордың орынбасары және өзге директорлар Оператор комитеттімен тағайындалады.

## БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

ҚПО-ның жоғары стандарттарды қолдану және қолдана отыру бойынша міндеттемелері саясаттар, технологиялық үрдістер және тәжірибелерге сүйене отырып орындалады. Бұл өз кезеңінде біздің басқару жүйелеріміздің, соның ішінде «Тәртіп кодексі», «ЕҚ, ТҚ және ҚОО басқару жүйесі», «ЕҚ, ТҚ және ҚОО саясаты» және «ЕҚ, ТҚ және ҚОО бесжылдық стратегиялық жоспары», сонымен қатар «Бизнесті басқаруды бақылау бөлімі

Барлық басқару жүйеміз саясаттар мен процедуralарымыздың ортақ құрылымы аясында өрекет етеді [сызбанұсқаға назар аударының].



## МӘЛІМЕТТЕРДІҢ АЙҚЫНДЫЛЫҒЫ

Барлық айтылған жүйелер мен саясаттар ҚПО басқармасына және компания-серікестеріне тұрақты дамуға қатысты қауіп-қатермен қоса, қауіп-қатерді анықтау мен оны басқарудың әрекет етуші жүйелерінің барысы туралы кепілдеме беру мақсатында тексерілуи тиіс. Жыл сайын еткізілетін аудиттің негізгі жағдайлары ҚПО-ның ішкі қауіп-қатерді анықтау жүйесі, директорлармен талқылаулар, құрылтайшы-компаниялардың тапсырыстары мен ҚПО-ның барлық технологиялық алаңшалары, сонымен қатар тиісті еткізуі керек тексерістер уақыты егжей-тегжейлі көрсетілген «Аудит үлгісінің» негізінде анықталған.

Сондай-ақ, ішкі сапаға кепілдеме беру үдірістеріне қоса, біздің «ЕҚ, ТҚ және ҚО басқару жүйеміз» ортақ мойындалған халықаралық стандартқа сай сыртқы сертификаттаудан етті. 2008 жылы «ЕҚ, ТҚ және ҚО басқару жүйесі» ISO 14001 халықаралық экологиялық басқару жүйесінің стандартына сай сертификаттанды. 2009 жылы біздің басқару жүйеміздің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі салалары бойынша OSHAS 18001 сертификатына ие болуды жоспарлап отырмыз.

## ТӘРТІП КОДЕКСІ

ҚПО-ның атынан және оның мүддесіне жұмыс істеуші тұлғалардың бері «ҚПО-ның тәртіп кодексінің» талаптарын қатаң ұстануы керек. Ешбір тұлға үшін ерекшелік жоқ. Осы кодекс компанияның және оның жұмыскерлерінің жоғары адамгершілік қағидаттары мен компанияның нормативті құжаттары талаптарын сақтауы үшін ұйымдастыран жаупалтылықты қарастырады.

### Кодекстің негізгі қағидасы мынада:

- ◆ Компания қызметі ТҚ және ҚОК талабына сай жүзеге асырылуында;
- ◆ Әрекет етуші заңдарға сай орындалуында;
- ◆ Адал бәсекелестік жағдайларында жасалуында;
- ◆ Адал, ашық және шын ниетпен орындалуында; және
- ◆ Тапсырыс берушілердің, жұмысшылардың, құрылтайшылар, сауда және қаржы серікестерінің, сонымен қатар жергілікті көпшілікті заңдық мүдделерін ескериүнде.

ҚПО «Тәртіп кодексінің» сақталуына үздіксіз бақылау жүргізіп отырады және Мердігерлер комитетіне барлық орын алған тәртіп бұзушылықтар туралы статистикалық қорытынды есеп дайындал отырады. 2008 жылы құрылтайшы-компаниялар ҚПО-ның «Тәртіп кодексі» мәселелеріне тексерістер жүргізді және үздіксіз жақсару үстіндегі озық халықаралық тәжірибелеге сай кодекті қайта қарастыру мен оған езгертулер енгізуі бастады.

## БАСШЫЛЫҚТАЫ ТӘРТІПБҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Кез-келген жұмысшы кодексті қолдану бойынша кеңес алуға немесе басшылыққа кодекстің бұзылуы туралы айғақты және әлеуеттік ақтап беруге құбылы. Баяндаулар мен сұрақтарын кодекске жауапты ішківедомствоның қадағалау және бақылау бөлімі бастығына немесе Заңды Ценесшіге жіберуге болады. Ері бул кезде толық құпиялылық сақталады.

«Тәртіп кодексінің» бұзылуы туралы дәлелсіз көзқарастар құпия қарастырылады және мүмкіндігінше «ҚПО-ның талаптарды орындауды қамтамасыз ету нұсқауларына» сай тергеледі. Тәртіптік жаза тәртіп бұзы сипаты «ҚПО-ның тәртіпті нығайту процедурасымен» дәйектелген жағдайдаға ғана беріледі.

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ САҚТАЛУЫН ТЕКСЕРУ

2008 жылы ҚПО адам құқығы бойынша Дат Университетімен құрастырылған «Адам құқығының сақталуын тексеру» әдісіне сынақ еткізді.

Бұл әдіс компанияларға адам құқығына қатысты олардың іс-әрекеттерінің мүмкін салдарын, озық халықаралық практика сай өз қызметін одан әрі жақсарту мен жетілдірудің әлеуеттік жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. ҚПО үшін бұл тексеру он нәтижесін берді және адам құқығын қорғау саласындағы әлемдік стандарттарға сай жоғары деңгей көрсетті.





## Қоршаған ортаны қорғау

Қарашығанақ тәрізді техникалық қурделі кен орнының экологиялық көрсеткіштерін арттыру үздіксіз тер төгуді талап етеді. ҚПО компаниясы өзіміз еңбек ететін қоршаған ортаны қорғау мақсатында қазіргі заманғы жаңа технологиялар мен дүниежүзілік стандартқа сай жасалған техникалық жабдықтарды қолдануда және климаттың өзгеруіне қарсы бұқіләлемдік куреске ат салысада.

ҚПО-ның қоршаған ортаны қорғауға қатысты міндеттемесі ЕК, ТК және ҚОҚ Кешенді басқару жүйесінің бір белгілі болып табылатын Экологиялық басқару жүйесін практикада қолдану арқылы орындалуда. 2008 жылдың қыркүйек айында ҚПО-ның Экологиялық басқару жүйесі қоршаған ортаға әсерперді басқарудың халықаралық жүйесін дамытудағы маңызды қадам болып табылатын ISO 14001 сертификаттауынан әтті.

### ЖЕТИСТІКТЕР БАҒАСЫ

2007 жылы ҚПО-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасының Энергетика және Минералдық Ресурстар Министрлігі ҚПО-ны «Үздік экологиялық бағдармала» сыйлығымен марараптады.

### АТМОСФЕРАГА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЛАСТАЙТИҢ ЗАТТАР

#### Жандырулар

ҚПО-ның қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды тиімді пайдалану міндеттемесі газды көдеге жарату және жандыруды азайтулар бойынша үлкен жетістіктермен орындалды. Сан-алуан жаңа әдістер мен технологияларды жаңарту мен қолданудың негізінде газды жағу көлемі 2004 жылды шамамен 250 миллион куб метрден 2008 жылды шамамен 33 миллион куб метрге дейін азайды. Салыстыру үшін айтар болсак, 2008 жылы ҚПО жалпы Қазақстанда өндірілетін газдың шамамен 45%-ын өндіруге тиіс болса, ал бұл дегеніміз ҚПО-ның тек жалпы жандырылған газдың шамамен 0.48%-на жауапты болғандығын алға тартады.

### 2008 жылы газды көдеге жарату

ҚПО-ның газды жандыруды азайтуға бағытталған шаралары газды көдеге жаратудың - 99.78%, яғни әлемдік көрсеткішке жетуіне жол ашты. 2008 жылы ҚПО 15 миллиард куб метрден астам (млрд м<sup>3</sup>) газ өндірді, оның ішінде:

- ◆ 7,9 млрд м<sup>3</sup> (52.76%) Орынбор арқылы сатылды. ҚПО осы маршрут арқылы газды сатуды арттыру мақсатында жұмыстар атқаруда;
- ◆ 6,4 млрд м<sup>3</sup> (42.47%) жоғары қысымды күкіртті газды айдау жаңа технологиясы арқылы сұйықтоймага көрі айдалды;
- ◆ 0,7 млрд м<sup>3</sup> (4.55%) қондырғылар мен жергілікті тұрғындарды электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында отындық газ ретінде пайдалылды; және
- ◆ тек 0,033 млрд м<sup>3</sup> (0.22%) газ жағылды. Бұл Қарашығанақты Қазақстандағы газды көдеге жарату бойынша алдынғы қатарлы мұнайгазконденсат кен орны екендігін дәлелдейді.



**ҚПО газды көдеге жаратудың дүниежүзілік көрсеткіші 99.78%-ға жетті**



Қазақстан Республикасы жандырылған газ көлемі үшін тәленетін салық ставкасын арттыру арқылы қоршаған ортана қорғау көрсеткіштерін жақсартуда. Қоршаған ортага тасталатын шығарындылар көлемі азайғанымен, Қазақстан Республикасы шығарынды бірлігіне тәленетін салық көлемін арттырып отыр. Шығарынды бірлігіне тәленетін салықтың өсуі мынадай екі салдарға әкеліп соқты: біріншіден газды жандыру көлемінің азайғанына қарамастан, тәленетін экологиялық салықтардың тез өсуіне алып келді; және будан әрі газды жандырудың азауына алып келді. Жоғарыда атап өткендегі, газды жандырудың абсолюттік көлемі 2004 жылы шамамен 250 миллион куб метрден 2008 жылы шамамен 33 миллион куб метрге дейін азайды. Осылай уақыт аралығында, Үкіметтің газды жандыру үшін салатын айыппұлы мен салықтары 2.2 миллиард тенgeden (17 миллион АҚШ доллары) 15.9 миллиард тенгеге (134 миллион АҚШ доллары) дейін өсті. Шығарынды бірлігіне салынатын жандыру салықтары 2004 жылы бір тонна шығарынды үшін 350 тенgeden (3 АҚШ доллары) 2008 жылы бір тонна шығарынды үшін 45,000 тенгеге (380 АҚШ доллары) дейін өсті.

#### АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

2008 жылы құқырт диоксиді шығарындысы 3,843 тоннаны құрады, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 17%-ға аз. Бұған себеп құқыртті газды жандырудың азауы. Жандыруды азайтудың непізінде, 2007 және 2008 жылдары өндіріс бірлігінің шығарындысы 19%-ға азайды.

2008 жылы 3,439 тонна азот тотықтары (NOx) шығарылды. Бұл 2007 жылмен салыстырғанда 15%-ға артық. Сондай-ақ, дәл осындай уақыт аралығында, өндірілген мұнай барреліне келетін азот диоксиді шығарынды парының 12%-ға өскендігі байқалады. Ал бұл өндіруді арттыру нәтижесінде кері айдау көлемінің артуына байланысты энергияны көп мөлшерде пайдаланумен түсіндіріледі.



## Жергілікті тұрғындардың алаңдаушылық танытуы

Жергілікті әлеуметтік атмосферада шығарылуы мүмкін ластағыш заттардың атмосфералық ауа сапасына және кен орнына жақын орналасқан елді-мекендер экологиясы мен тұрғындар денсаулығына зиян келтіретіндегі туралы алаңдаушылық білдіруде. ҚПО қоршаған ортаны қорғау салаларындағы көрсеткіштерді арттыру міндеттемесін алды және соңғы бес жыл ішінде шығарындық көлемін едөүр азайтты. Алайда, компания мұнданың мәселелерге жіті көңіл беліп отырады.

ҚПО-ның сегіз стационарлық экологиялық бақылау станциялары кен орнында орналасқан және тұрғындардың өтініші бойынша аптақ қарсы өрекет ету мақсаттарына қолданылатын қосымша жылжымалы экологиялық бақылау станциясы бар. 2008 жылы аталған станциялардың көмегімен 55,000 астам ауа сынамасы алынды. Осы станциялар салынғаннан бері 2006 және 2007 жылдарды тексерілген ластағының заттардың шекті рауалынан асқан бірде-бір жағдайын байқалмаған, ал бұл дегеніміз Қазақстан заңнамасының да, халықаралық нормалар талаптарының да бұзылмағандығын дәлелдейді.



Мемлекеттік лицензиясы бар мердігер компания, Гидромет Санитарлық-қорғау аумағы шекарасында және елді-мекендерде қосымша сынама алу жұмыстарын күн сайын жүргізеді. Тұрғындардың алаңдаушылығын туғызбау үшін біз дайындықтан өткен еркіті ауыл тұрғындарын сынама алу жұмыстарына тарттық. Ауа сапасын бақылау туралы есеп кен орнына жақын орналасқан тоғыз елді-мекенниң барлығына ай сайын беріліп отырады және хабарламалар тақтасына ілінеді.

2006 жылы ҚПО мен ауылдық кеңес мүшелеріне Қарашибанак кен орнын игеру жұмыстарының өсімдіктер, топырақ, жер үсті сулары мен мал басына тигізег мүмкін әсерлерін екі жыл бойы тәуелсіз түрде зерттеу жүктеді. Зерттеу жұмыстарын Батыс-Қазақстан облысы Ғылыми-зерттеулилік мал дәрігерлік институты мен ЖШС «Орал Жер» тәрт ауылдық кеңес мүшелерімен бірге анықталған зерттеу жұмыстарының техникалық тапсырымлары бойынша жүргізді. 2008 жылдың сөүір айында зерттеу нәтижелері ауылдық кеңесте жарияланды және зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастыру туралы шешім қабылданды. Ауылдық кеңес туралы толық мәліметті осы есептің «Тұрғындармен жұмыс» бөлімінен таба аласыз.

## Парник газының шығарындалары

Антропогендік әсер ету салдарынан пайда болған парник газдарының шығарындылары (ПГШ) ғаламдық жылуға екеліп согатын бірден-бір себеп болып отыр. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ҚПО компаниясына жаңа технологиялар мен ең жақсы қолданыстағы технологияларды пайдалану арқылы парник газдары шығарындыларын азайту міндеттемесі жүктелді.

2008 жылы ҚПО-ның өндірістік жұмыстары нәтижесінде 2,022,000 тонна көміртегі диоксиді (CO<sub>2</sub>e) пайда болды, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 10,000 тоннага немесе 0.5% артық (төменде көрсетілген). Осындағы уақыт аралығында жалпы өндіріс көлемі 2.2% өсті. Парник газдарын азайту жобаларын жыл бойы жүргізуін өндірістік көмірсулардың бір миллион баррелінен келетін парник газдарының шығарындалары 1.5% азайды.



**2008 жылдың азырылған және тәуелсіз тексерістен өткен парник газдарын азайту жобалары мыналады қамтиды:**

- ◆ 68,341 тонна жалғастырғыштарды қолдану арқылы технологиялық газды жандыруды азайтудан;
- ◆ 52,858 тонна жандыру жұмыстарының үнғыманы сынақтан өткізу нәтижесінде; және
- ◆ 40,432 тонна ҚҚӘК өндірү жүйесінің тиімділігін арттыруға байланысты.

2008 жылдың парник газдары 106,843 тоннаны құрады. Бұл 2007 жылдың парник газдарын азайту жобаларын іске ассыру және 2008 жыл бойына жалғастыру негізінде мүмкін болды. Барлық азайтылған парник газдарының көлемі ҚПО-ға осы қол жеткізген көрсеткіштердің нақтылығы туралы кепілдеме беру мақсатында тәуелсіз мердігер компаниямен тексерілді.

**Жандырусыз үнғыманы сынақтан өткізу**

2008 жылға дейін үнғымыларды сынау оларды жандыру арқылы жүргізілді. 2008 жылды ҚПО үнғымыларды сынақтан өткізу жұмыстарын ұлыбритандық Экспро Групп дайындаған технологияларды қолдану арқылы жүргізді. Үнғымаларды сынау Мегафлоу сепараторы Қазақстанда алғашы рет қолданылды. Мегафлоу сепараторы үнғымаларды сынау кезінде өндірілетін көмірсуларды ұстайды және оларды қайта өндеу қондырылғысина жібереді. Атапған жаңа технология орташа алғанда бір үнғыманы сынау барысында пайда болатын 5,000 тонна парник газдарының шығарындыларын азайтады, сонымен қатар бұрын жандырылған көмірсуларды өндіріске жібереді.

**СУДЫ ПАЙДАЛАНУ**

Тұщы суды сақтау өзекті мәселеге айналып отыр. Әсіресе, Қазақстан үшін бұл мәселенің мәнін түсіну ете маңызды, ал Қараышанақ болса су тапшылығы басым аймақта орналасқан. ҚПО суды пайдалануды азайту мен оны қайта пайдалану үшін барлық шараларды қолға алуда.

**Техникалық су**

Техникалық су – адам ішуге жарамайтын, сапасы тәмен су – кен орнында өндіріс қажетіне жұмсалады. Жерусті супар жүйесінің ластануына жол бермеу мақсатында супар тазартылады және оқшауланған жерасты сыйықтоймасына айдалады. 2008 жылды Қараышанақта 404,000 куб метр техникалық су пайдаланылды, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 31,000 куб метрге (7%) аз.

**Ауызсу**

Ауызсу – адам ішуге жарамады сапалы су – ҚПО кеңселері мен тұрғын-жай орындарында қолданылады. 2008 жылды зауыт жұмысын үақытша тоқтатуға байланысты жұмыс күшінің көбекі ауызсуды пайдалану көлемін 51,000 куб метрден 180,000 куб метрге дейін арттырыды. Біз мүмкіндігінше суды қорғау және қайта пайдалануды көздел отырмыз. Алайда, 2008 жылды суды қайта пайдалану көлемі 64,000 куб метрден 44,000 куб метрге дейін азайды. 2008 жылды 2007 жылмен салыстырғанда бұрғылау жұмыстарына қажет қайта пайдаланылған су көлемінің артуына қарамастан, супандыру жұмыстырына қажет сұға тапсырыс мүлдем аз болды.



**ҚПО-ға жаңа үздік технологияларды қолдану арқылы парник газының шығарындыларын азайту міндеттемесі жүктелді**



## БИОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРЛЕР

ҚПО-ға өзіміз еңбек ететін экологиялық жүйені сақтау және жақсарту міндеттемесі жүктелді: биологиялық түрлер экологиялық жүйенің біртұастығының айшықты белгісі. «ЕК, ТҚ және ҚОҚ бесжылдық стратегиялық жоспарымыздың» бір бөлігі ретінде, біз өз іс-әрекетіміздің қоршаған ортаға тигізер өсерін бағалай отырып қоршаған ортаны зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Қарашибанаш кен орны аумағындағы жарамды егістік жерлердің көп бөлігі жыртылды, алайда бүгінгі күні көптеген жерлер өлі де бос жатыр. Кен орнында қорғауға алынған жерлер жоқ.

Кен орнында жүргізілген экологиялық зерттеулер осы аймақтың барлық өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің есүіне маңызды екенін дәлелдеді. Мұнда дүниежүзі бойынша жаппай азаюға ұшыраған көптеген түрлер бар. Мұндай популяциялар жартылай табиғи мекендеу ортасы мен өзен бойларында және адамның өңдеуіне түспеген жерлерде көттеп кездеседі. Егер осындағы жерлердің экологиясын қорғау қолға алынса, әрі жетілдірілетін болса ол тенденсі жоқ мекендеу ортасына айналары сезсіз.

Халықаралық табиғат және табиғат қорларын қорғау одағының Қызыл кітабына және экологиялық зерттеулер барысында тізімге алынған жануарлардың сирек түрлері мыналар:

Атауы	ХТҚБ деңгейі	ҚР деңгейі
Дала сұр жыланы	EN	-
Балобан	EN	I
Дуадақ	VU	I
Палла бақырауық суқарақұсы	VU	I
Шығыс қарақұсы	VU	III
Дала бектергісі	VU	-
Дала шиқылдауығы	VU	-
Безгелдек	NT	II – көбеюде
Камшат/Құндыз	NT	-
Көк қарға	NT	-
Дала құладыны	NT	-
Қырғи	NT	-
Балықшы	LC	I
Үкі	LC	II
Кедуілгі жыланбұркіт	LC	II
Аққұйрық суқарақұс	LC	II – сирек кедесетін түрі және азаюда
Бұркіт	LC	III
Шұбар қүзен	LR/lc	III
Дала бұркіті	LC	V – азаюда
Ақбас тырна	LC	V – көбеюде

Түсіндірме: ТҚХБ бойынша категориясы: EN = жойылып бара жатқан түрлер; VU = қорғауға алынған түрлер; NT = құрып кету қауіп төнген түрлер; LC = қауіп төніп тұрған жоқ; LR/lc= мұлде қауіп төніп тұрған жоқ (ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ).



## Биологиялық түрлер экологиялық жүйенің біртұастығының айшықты белгісі

Суретке түсірған Джош Смитсон

Жерді пайдалануға шектеу қою Қарашығанақта аң аулау мен демалу салдарынан болатын заңды бұзушылықтарды едөүір азайтты. Таңғаларлық жайт, ҚПО жұмыскерлері мен жергілікті тұрғындардың айтуыша соңғы 20 жылда кейбір жануарлар түрлері көбейді. Жоғарыдағы тізімдемеде көрсетілген жануарлардан басқа, Қызыл кітапқа енгізілген және сирек кездесетін жануарлардың көптеген түрлері ҚПО орналасқан аймақта да бар.

ҚПО-ның мақсаты кен орны аумағындағы Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар түрлерін қорғау және сақтау болып табылады. Бүгінгі таңда біз биологиялық түрлер саласындағы іс-шаралар жоспарын жасақтау үстіндеміз және будан былай «Тұрақты даму туралы есептерде» жоспарланған шаралардың орындалуы туралы есеп беретін боламыз.

#### ҚАЛДЫҚТАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ

2008 жылды ҚПО нысандарында пайда болған қалдықтар көлемі 31% немесе 63,150 тоннага дейін есті. Осы қалдықтардың 18%-ы қедеге жаратылды. Қалдықтардың көлтеп пайда болуы жаңа ұнғымаларды бұрғылау нәтижесінде бұрғылау шламы көлемінің артуына байланысты.

ҚПО қалдықтардың пайда болуын азайту және оларды қайта өндеуді арттыру мақсатында жұмыстар жүргізуде. 2008 жылдың желтоқсан айында ҚПО жана шламды термомеханикалық өндеу қондырысын сынақтан өткізуі бастады. Бұл қондырығы мұнай негізінде бұрғылау шламын тиімді, әрі қауіпсіз өндеуге, тазартылған бұрғылау таужыныстарын үнемі көмуге және басқалай айтқанда орналастырудың балама әдістерін талап ететін мұнайды өндеу мен қайта пайдалануға мүмкіндік береді.

#### КӨМІРСУТЕКТЕРДІҢ ТЕПЛУИ

2008 жылы біз ықпал ететін аймақта көмірсүтектердің ірі көлемде төгілген бір ғана жағдайы орын алды. ҚПО-ның ешбір қондырысынан төгілу байқалмаған, біздің пайымдауымызша, бұл көмірсулар үшінші бейтарап жақ қондырысынан төгілді. ҚПО-ның апатқа қарсы әрекет ету тобы 40 куб метр ластанған топырақты жойды және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді.



**ҚПО экологиялық жүйені қорғау және жақсарту міндеттемесін алды**



# Жергілікті мамандарға қаржы салымы

Қарашиғанақ кен орнын игеру үшін мыңдаған жан-жақты білім алған және қабілетті жұмысшылар, яғни мұнайшылар мен техниктерден бастап есепшілер мен материалдық-техникалық қамту мамандарына дейін қажет. Біздің жұмысшыларымыз, біздің табысымыздың кепілі. Өз ісінің сөтті журуі үшін ҚПО лайықты адамдарды лайықты лауазымдық қызметке тағайындауы, сондай-ақ білікті және іскер мамандар тобын қалыптастыру үшін білікті менеджерлердің болуын қамтамасыз етуі қажет.

## ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫТУ

ҚПО қызметкерлерді жан-жақты дамытудың бірнеше жолдарын, оның ішінде көсіби рольдік оқыту, компания-қырьылтайшыларға іс-саларлар және жаңа дағылар мен біліктілікке ие болу мақсатында шетелге оқыту мүмкіндіктерін ұсынады. «Өнімді белу жөніндегі соңғы көлісімге» (ӨБЖСК) қол қойылған күннен бастап ҚПО 115,000 жұмысшылар мен студенттерді оқыту мен жан-жақты дайындаға 96 миллионнан астам АҚШ долларын жұмсады.

Мұндаи оқытулар ҚПО қызметкерлерінің білімі мен дағыларын дамытуға бағытталған. Әртүрлі олқылықтар талдауда ер жұмысшының біліктілігін дамыту қажеттілігін бағалау және оған қосымша міндеттемелер арту мақсатында жүйелі турде жүргізіледі. Ал дағылары мен білімінен олқылықтар табылған кезде, жұмысшыға құзыярлықтың қажетті деңгейіне жетуі үшін оқыту мен дамуды әрі қарай жалғастыру ұсынылады.

Жыл сайынғы жұмыстардың орындалуын және ҚПО қызметкерлерінің жан-жақты дамуын бағалау үрдісі компания жұмысшыларына өз лауазымдық қызметтерінің орындалуын және одан әрі дамудың жолдарын талқылауға ресми турде мүмкіндік береді. Бұл үрдістің мақсаты мынада:

- ◆ ҚПО мақсаттарын анықтау, және оны біртіндел жеке, топтық және білім мақсаттарына айналдыру;
- ◆ Осы мақсаттарға қол жеткізу барысындағы бизнес жоспарлар мен жетістіктерді ұдайы мәлімдеп отыру;
- ◆ Білімнің және жеке тұлға мақсаттарына, негізгі кезеңдер мен лауазымдық нұсқаулық талаптарына сай қызметкерлердің іс-әрекетін бақылауды қамтамасыз ету;
- ◆ Лауазымдық нұсқау талаптарын орындауды жақсарту және оны жетілдірудің жолдары туралы ортақ түсінік қалыптастыру; және
- ◆ Өзін-өзі басқару мен жеке міндеттерді орындаудай білуге ынталандыру.

## КАДРЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Білікті және шебер мамандар дайында үшін олардың қажеттіліктері мен ынталандыруын түсіну маңызы. 2009 жылы ҚПО тікелей көлісімшарт және жергілікті агенттіктер арқылы жұмыс істейтін жұмысшыларға зерттеу жүргізеді. Мұндағы мақсат:

- ◆ Жетілдірудің негізгі облыстарын анықтау;
- ◆ Қазақстан ұлттырынан Компанияның басқару жүйесін қазақ мәдениетімен ұштастыруды қалай тиімді жүзеге асыруға болатындығы жөнінде мәлімет алу; және
- ◆ Болашақта қызметкерлерді ақпараттандыруды жақсарту үшін жұмысшылардың жүргізіліп жатырған жобаларды қаншалықты билетіндігіне зерттеу жүргізу.

Бұл зерттеулердің қорытындыларын келесі бір 'Тұрақты даму' есептерінде баяндайтын боламыз.

## ЖҰМЫСШЫЛАР ӨКЛЕТТЕІКТЕРИ

ҚПО-ның мақсаты әр жұмысшыға оның міндеттерін түсіндіру, жұмысшылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету және оларға әдіп көзқараста болу. Екі көсілодак қол қойған ұжымдық көлісім шартымыз бар (жұмысшылардың және мердігерлердің мүддесін қорғайтын) және бұл шартта көсілодак мүшелерін тәртп және еңбек дауы процедералары талаптарын орында жұмыстарына тарту мәселесі қамтылған.

Ұжымдық көлісім шарт жұмыс шарттарын бақылау, өлеуметтік пайдаларды жеткізу, заңнама талаптарын орындау және жалалық мәселелеріне қатысты компанияның жауапкершілігін және ұжым мүшелерінің міндеттерін айқынайды. Осы ұжымдық көлісім ең үздік және беделді «Парыз сыйлығына» ие болды. Бұл Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың біздің өлеуметтік салада қол жеткізген жетістіктеріміз үшін берген ең алғашқы сыйлығы. Бұғынгі таңда ҚПО-ның ұжымдық көлісім шарты республика бойынша көсілодактар пен компаниялар арасындағы көлісім шарт жобасына айналды.

## **ҚПО МАМАНДАРЫНЫҢ КЕСІБІ БІЛІМІН АРТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

ҚПО-ның мамандардың кесіби білімін артыру бағдарламасы компанияның Ақсай тұрғындарын тікелей еңбекке араластыру және жергілікті мамандарды жан-жақты дамытуға қосатын үлесін дәлелдейтін Батыс Қазақстандағы бірінші бағдарлама.

2007 жылдың қыркүйек айында ҚПО компаниясы Бөрлі Мұнай Газ Колледжі және Ақсай қаласындағы №15 Техникалық лицей студенттерін қатыстыра отырып Бағдарлама дайындағы. Колледж немесе лицейдің соңғы курсына көшкен жергілікті қазақстандық студенттерге арналған «Кесіби оқыту бағдарламасы» олардың техникалық білім алушына мүмкіндік береді, сондай-ақ жұмыс барысындағы қызыншылықтарды ескере отырып, құрастырылған осы құрылымдық бағдарлама олардың жан-жақты дамуына жол ашады.

Мектеп қызметкерлері және мұғалімдерімен бірлесе жұмыс істеуіміздің нәтижесінде лицей/колледж оқыту бағдарламасының, ҚПО-ның операторлар мен техниктерді оқыту бағдарламасы және өндірістік сарамандық оқытулардың жыныстыры болып табылатын бағдарламаны сәтті өзілеуімізге ықпал етті. Қазіргі таңда құрылымдық оқыту және дайындау бағдарламасы бойынша 32 студентті оқытып жатырымз және осы бағдарлама олардың болашақта компаниядағы өндірістік қызметке араласуына ықпал ететін болады.

**Мәдениаралық қарым-қатынас – көптүрлілікті бағалау**

Дүниежүзілік бірлестіктер мен көп ұлтты қоғам мынадай ұксас жағдайларға соқтығысын отырады: ол мәдени көптүрліліктің қарқынды өсуі. Бірлестіктер үшін жұмысшылардың мәдени көптүрлілігі әдеттегі ғаламдық операциялардың нәтижесі. Қоғам үшін мәдени көптүрлік төмөннен жоғары қарай экономикалық мүмкіндігіміздің дамуына байланысты халықтардың көши-қон үрдісінің салдары екені даусыз.

Бірлестіктер мен қоғам ұксас мәселелер мен мүмкіндерге соқтығысын отырады: мәдени көптүрліліктің құндылыққа айналдыру. Бірлестіктерге шығармашылық тапсырмаларды орындаудағы және үйимдаскан шешім қабылдаудағы көптүрліліктің құндылығы өте жақсы мәлім. Қоғам үшін мәдени көптүрлілік ойлаулардың жаңа жолдары мен жаңа әлеуметтік динамизмнің негізі.

ҚПО біздің көпұлтты қызмет ортамыздың артықшылығын жоғары деңгейге жеткізу мақсатында қарқынды еңбек етуде. Біздің мәдени көптүрлілік бағдарламамыз Астана қаласында өткен «Мәдени көптүрлілік және мәдениаралық қарым-қатынас» атты конференцияға демеуішлік етуіміздің негізінде құрастырылды және бүгінгі күні жалғасын табуда. Бұл үзақ мерзімді, көп кезеңдік арнаулы міндеттері бар бастама. Бағдарламамың басты мақсаттары:

- ◆ ҚПО басшылығының көпұлтты топтардың өзара қарым-қатынасын жақсарту және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында мәдениаралық дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру;
- ◆ ҚПО-ның барлық қызметкерлерінің мәдениаралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру; және
- ◆ Қен ауқымды корпоративтік аяда қарым-қатынасты нығайту және одан өрі жергілікті әлеуметтік бағдарламалар, білім беру және әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша артықшылықтармен бөлісу.



**ҚПО оқыту және дамыту бастамаларына 96  
миллионнан астам АҚШ долларын жұмсады**



# Біздің өндірісіміз және негізгі сәттер

## ГРИФОНДЫҚ АЙМАҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ


1987 жылы Кеңестік өндіріс түсінде Қарашығанақта ұнғыманың жарылсының байланысты Грифондық кратер пайдада болды. Терен жер асты қабатынан газ және балшықтың атқылауы салдарынан 500 гектар шамасындағы жер қалындығы 100 см-ге жететін үйінділер астында қалды.


1999 жылдан бастап ҚПО және Орал қаласының ғалымдары бүлінген жерлер топырақтың құндылығының қалпына келтіру жұмыстарын бірге жүргізді. Бұғынгі күн іске асырылып жатырган «Топырақты қалпына келтіру және өңдеу бағдарламасы» сынап көруге арналған жерлерде дәнді-дақылдар есіру жұмыстарын қамтиды. Топырақты зерттеулер нәтижелері (құрамындағы тұз, мұнай және құкіртті сутек қатарына байланысты зерттеулер) топырақ құрамындағы мұнайдың азайып, топырақ қүйінің жақсара түскендігін дәлелдей түсude.

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫН ҚАДАҒАЛАУ

Экологиялық бақылау станциялары кен орнын айнала орналасқан және тұрғындардың өтініші бойынша апатқа қары өрекет ету мақсаттарына қолданылатын қосымша жылжымалы экологиялық бақылау станциясы бар. 2008 жылы аталаған станциялардың көмегімен 55,000 астам ауа сыналасы алынды. Осы станциялар салынғаннан бері 2006 және 2007 жылдары тексерілген ластайтын заттардың шекті раяулынан асқан бірде-бір жағдайы байқалмаған.

Мемлекеттік лицензиясы бар мердігер компания, Гидромет сынама алу жұмыстарын күн сайын жүргізеді, бұл біздің өндірісімізге қосымша кепілдік береді. Сондай-ақ, ҚПО ерікті ауыл тұрғындарын сынама алу жұмыстары бойынша дайындықтан өткізді. Ауа сапасын бақылау туралы есеп кен орнына жақын орналасқан тоғыз елді-мекениң барлығына ай сайын беріліп отырады және хабарламалар тақтасына ілінеді.





Ескертегін жайт, мына сыйза тек көрнекі құрал ретінде  
ұсынылып отыр және масштабта көрсетілмеген

### ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

ҚПО-ның өлеуметтік қызметті іске асыру саясаты компанияның жергілікті өлеуметпен жұмыс істеуін қолдайды және стандартқа сай жұмыс тәртібіне негізделеді. Ол мыналарды қамтиды:

- ◆ Мүдделі тараптарды тарту (соның ішінде шағымдарды қарау әдістері);
- ◆ Өлеуметтік қажеттіліктерге қаржы салымы;
- ◆ Мәжбүрлі қоныс аудару;
- ◆ Өлеуметке ықпалын бағалау, бастапқы деңгейі; және
- ◆ Мәдени мұра.

### ЖЕРГІЛІКТІ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДЫҚТАН ӨТКІЗУ

ҚПО-ның мамандардың көсіби білімін арттыру бағдарламасы компанияның Ақсай тұрғындарын тікелей енбекке араластыру және жергілікті мамандарды жаң-жақты дамытуға қосатын үлесін дәлелдейтін Қазақстандағы бірінші бағдарлама.

Атапмыш бағдарлама Бөрлі Мұнай Газ Колледжі мен Ақсай қаласында орналасқан №15 Техникалық лицей студенттерінің техникалық білім алудың мүмкіндік береді, сондай-ақ жұмыс барысындағы қынышылықтарды ескере отырып, құрастырылған осы құрылымдық бағдарлама олардың жаң-жақты дамуына жол ашады.

Мектеп қызметкерлері және мұғалимдерімен бірлесе жұмыс істеуіміздің нәтижесінде лицей/колледж оқыту бағдарламасының, ҚПО-ның операторлар мен техниктерді оқыту бағдарламасы және өндірістік сараландық оқытулардың жиынтығы болып табылатын бағдарламаны сәтті әзірлеуізге ықпал етті. Қазіргі таңда құрылымдық оқыту және дайындау бағдарламасы бойынша 32 студентті оқытып жатырмыз және осы бағдарлама олардың болашақта компаниядагы өндірістік қызметке араласуына ықпал ететін болады.



## Тұрғындармен жұмыс

Қарашығанақтың ұзақ мерзімді қызметінің табысты болуы ҚПО-ның жергілікті мүдделі әлеумет өкілдерінің қолдауын табуына байланысты. Біздің енбекке араласуымызға байланысты туындастын көрінісінде өзіншілдік жағдайлардың қолданылуына ие болу, тиімді қарым-қатынас пен өзара түсіністікті нығайту және әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына байланысты жергілікті тұрғындарға қолдау көрсету мақсатында жұмыс істеп жатырымыз.

Біздің мақсатымыз, компания-серкістестерінің халықаралық тәжірибелесін жергілікті әлеуметтік біліктілігімен және басекеге қабілеттілігімен ұштастыру. Бұл бізге Қарашығанақтың барлық қуатын пайдалана отырып, тұрғындарды ұзақ мерзімді табыспен қамтамасыз етуімізге дайын екендігімізді білдіреді.

2008 жылы ҚПО Халықаралық Қаржы Бірлестігі (ХҚБ) дайындаған қызмет стандартына (кестені қараша) сәйкес «Әлеуметтік қызмет стандартын» құрастыруды және басып шығарды. Жаңа стандарттарымызға сәйкес біз қоршаған ортаның табиги қалпын зерттеу мақсатында Ұлыбританияда негізі қаланған қоршаған орта ресурстарын басқару «Environmental Resources Management» консультациялық фирмасын қатысуға шақырдық. Осы зерттеу барысында компания көн орнын игеруге қатысты әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туралы толық мәлімет алды. Бұл ҚПО-ның жергілікті тұрғындармен және жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып, әлеуметтік қызмет бойынша ортақ стратегияны бекітіүе мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік қызмет бойынша үш жылға арналған кешенді жоспарды дайындау барысында қолданылатын болады.

### ҚПО-НЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ САЯСАТЫ

ҚПО-ның әлеуметтік қызметті іске асыру саясаты компанияның жергілікті әлеуметпен жұмыс істеудің қолдайды және стандартқа сай жұмыс тәртібіне негізделеді. Ол мыналарды қамтиды:

- ◆ Мүдделі таралтарды тарту (оның ішінде шағымдарды қарастыру әдістері);
- ◆ Әлеуметтік қажеттіліктерге қаржы салымы;
- ◆ Мәжбүрлі қоныс аудару;
- ◆ Әлеуметке ықпалын бағалау, оның бастапқы деңгейі; және
- ◆ Мәдени мұра.

### СЕНИМДІЛІККЕ НЕПЗДЕЛГЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ НЫҒАЙТУ

Жергілікті мүдделі таралтармен қарым-қатынас орнату уақыт өтеп келе оңды нәтижелер беретін сыртқы байланыстар орнатуға және оның тұрақты болуына, сондай-ақ ҚПО-ны орын алуы мүмкін қауіп-қатерлер және мүмкіндіктерді басқару үрдістері туралы мәліметпен қамтамасыз ету үшін өтеп маңызды.

2005 жылдан бастап ҚПО Қарашығанақ көн орнына жақын орналасқан елді-мекендер тұрғындарымен екі жақты қарым-қатынас орнатуға үшін арнайы форумдар үйімдастыруды. «Ауылдық көнес» деп аталатын топ құрамындағы сыйлып ауыл тұрғындары, жергілікті билік өкілдері және ҚПО мамандары ортақ мәселелерді талқылау үшін үнемі кездесулер өткізіп тұрады. Осындағы жиналыстар мәселелердің туындаудың қарай өрекет етуге және ҚПО-ға да, көршілес елді-мекендерге де табыс өкелетін мүмкіндіктерімізді жақсартуға ықпал етеді.

Осындағы жиналыстар барысында ҚПО-ның ағымдағы және жоспарлы іс-әрекеттері туралы соңғы ақпараттар, тұрғындар мәселелері және ҚПО қызметтіне байланысты мәселелер талқыланады.

Сонымен қатар, егер ҚПО жергілікті тұрғындарға өсер етуі мүмкін жаңа жобаны жоспарлайтын болса, компания жергілікті елді-мекендер тұрғындарын жоспарланып отырып іс-әрекеттер мен бұл шаралардың тұрғындарға тиғізір әлеуетті өсері туралы ақпарат белісінде осынан қатысты мәселелерді талқылау мақсатында қоғамдық туындаулар өткізеді. Бұндай туындаулар жоба дамуының өртүрлі кезеңдеріне сай өткізіледі. Мысалы, жергілікті тұрғындар қозғаған дәйекті мәселелер жоба жоспарлана бастағаннан-ақ есепке алынады және қоршаған ортага көрінісінде әлеуметтік әсерін тиісті шаралар үйімдастырылады. 2008 жылы ҚПО Орал газ құбыры және сейсмикалық зерттеу операцияларының алғашқы кезеңінде қатысты жобалар бойынша төрт қоғамдық туындаулар өткізді.

## НАҚТЫ МЫСАЛҒА СҮЙЕНІП ЗЕРТТЕУ: ҚҰШ БІРІКТІРУ

Николай Нюдильчиев үнемі қолөнерге қызығушылық танытты және ауыл мектебі оқушыларының білімін арттырудың және үлттық салт-дастырды сактауының бірден-бір жолы, оларды қолданбалы өнер мен халықтық қолөнер көсібіне оқыту бағдарламасын ұрастыру туралы ҚПО-ның ұсынысын қуана қабыл алды.

Николайдың басшылығымен алдыңғы қатарлы өнер мектебі жылдан жылға жақсаруда, сонымен қатар, бүгіндегі ол қөршілес елді-мекендердегі мектептердің барлығын қамтады және кейір оқушылар республикалық деңгейде өнер мектебінде оқу мүмкіндігіне ие болды.



## ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАСТАРЫ

ҚПО шағымдарды қарастыру барысында ресми саясат үстанады. Қөршілес елді-мекендерін кез-келген тұрғыны арнағы шағым қағазын толтыра отырып немесе әрбір ауылда орналасқан шағым жөшігін қолдану арқылы жағбаша немесе ауызша ҚПО-ның тұрғындармен байланыс маманына шағымдана алады. Компания шағымдарды қарастырады және оларды шешу жолдарын ұсынады.

